



010000, Астана қаласы,
Сол жағалау, 35 көше, №2 үй,
“Министрліктер үйі” Әкімшілік ғимараты,
тел.: 8 (7172) 74 38 01, факс: 8 (7172) 74 38 24
www.minplan.kz, e-mail: info@minplan.kz

010000, город Астана,
Левый берег, 35 улица, дом №2,
Административное здание “Дом министерств”,
тел.: 8 (7172) 74 38 01, факс: 8 (7172) 74 38 24
www.minplan.kz, e-mail: info@minplan.kz

05.12.2008 № 16-1/пер-ке-290-5

Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы

2008 жылғы 13 қарашадағы № 20-22/Ұжым-1727 тапсырмаға

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Шар станциясы – Өскемен» жаңа темір жол желісін салу және пайдалану» жобасына (бұдан әрі – жоба) қатысты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы Ғ. Р. Әбдірахымовтың тапсырмасын орындау мақсатында мынаны хабарлайды.

Осы жобаны іске асырып жатқан концессионер болып табылатын «Досжан темір жолы» АҚ-н техникалық дефолт деп жариялауға байланысты, Министрлік қызығушылық танытқан мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп жобаның құқықтық аспектілерін анықтау бойынша жұмыс жүргізді және жобаның қаржылық тұрақтылығын ескере отырып қаржылық-экономикалық үлгінің негізінде қаражат ағымдараның саралауын жүргізді.

Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша қалыптасқан жағдайдан шығудың нақты ұсыныстарымен Мемлекет басшысы атына хат жолданды.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жобаға қатысты қаржылық жағдайды сауықтыру бойынша жұмыс жүргізілуде, атап айтқанда:

- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ капиталдандыру арқылы «Досжан темір жолы» АҚ-ның акцияларын сатып алу мақсатында «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның және «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайтуға Қазақстан Республикасы резервінен 3,1 млрд. тенге бөлу бойынша. Өз кезегінде, «Досжан темір жолы» АҚ инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушылар алдында купондық сыйақыны төлей алады және құрылысты аяқтай алады. Осыған байланысты, «Досжан темір жолы» АҚ-ы акциялардың қосымша эмиссиясын жүргізуде;

№ 11-2-3/02/3218 от 09.12.08.

013267

- «Досжан темір жолы» АҚ қызметіне тиісті бақылау, сонымен қатар облигациялық қарыздың мақсатты қолдану тақырыбына бақылау жүргізгеннен кейін, шығарылған инфрақұрылымдық облигациялардың көлеміне сәйкестендіру мақсатында мемлекеттік кепілгерліктің көлемі ұлғайтылатын болады;

Бұдан басқа, қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкестендіру мақсатында концессиялық келісімге өзгерістер енгізу мәселесі, облигациялық қарызды өзгерту мақсатында облигацияларды ұстаушылармен сыйақы мөлшерін 10 % деңгейінде белгілеу үшін келіссөздер жүргізу мәселелері қарастырылуда, сонымен қатар, жобаның іске асырылу барысына мониторинг жүргізілуде.

Вице-министр



М. Құсайынов

*Орындаған Д.Нағашыбай
тел. 74 33 28*